

Р.АГЫБЕТОВА¹, А.ШОКПАРОВ², Н.АБИШОВ²✉, А.ОМАРОВА¹

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

(Қазақстан, Астана)

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті

(Қазақстан, Түркістан), e-mail: abishov.nurzhan@iuth.edu.kz

АБАЙ ОБЛЫСЫ ТУРИЗМІНІҢ ӘЛЕУЕТІН БАҒАЛАУ

Аңдатпа. Бұл мақалада Абай облысының туристік әлеуеті жан-жақты талданады.

Облыстың географиялық орналасуы, тарихи-мәдени мұралары және табиғи көрікті жерлері туризмді дамытуда маңызды рөл атқаратыны көрсетіледі. Зерттеу барысында Абай облысындағы туристік ағымдардың динамикасы, туристердің қызығушылық бағыттары және туризм саласындағы инвестициялардың оң серпіні талданған. Сонымен қатар, тарихи-мәдени туризмді дамыту үшін құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-білім беру, мәдени және экологиялық реттеу құралдары ұсынылады. Мақалада аймақтың танымалдылығын арттыру және жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында ақпараттық-таныстыру жұмыстарының маңызы атап өтілген. Зерттеу нәтижелері Абай облысындағы туризмді дамыту стратегияларын жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды қамтиды. Зерттеу әдісі ретінде аналитикалық және салыстырмалы талдау тәсілдері қолданылды. Мақалада облыстың географиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайы, тарихи-мәдени мұралары мен табиғи көрікті жерлері бойынша деректер жинақталды және сарапталды. Әсіресе, аймақтағы туристік ағымдардың динамикасын, туристердің қызығушылық бағыттарын және инвестициялардың туризм саласына әсерін анықтау үшін статистикалық мәліметтер пайдаланылды.

Кілт сөздер: туризм, Абай облысы, тарихи-мәдени туризм, тарихи-мәдени мұра, реттеу құралдары.

Кіріспе

Қазақстанның шығысындағы Абай облысы өзінің бай тарихи және мәдени мұрасымен ерекшеленеді. Облыс географиялық тұрғыдан еліміздің маңызды бөлігінде орналасып, тарихи ескерткіштері мен табиғи көрікті жерлері арқылы туристік әлеуеті зор аймақ болып табылады. Абай облысының туризм саласы, әсіресе тарихи-мәдени туризм, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал етіп, аймақтың экономикалық дамуына серпін беруі мүмкін. Бұл мақалада Абай облысының туристік әлеуеті жан-жақты

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:** Агыбетова Р., Шокпаров А., Абишов Н., Омарова А. Абай облысы туризмінің әлеуетін бағалау // Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality. –2025. –No1(7). –Б. 18–30. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-1.02>

***Cite us correctly:** Agybetova R., Shokparov A., Abishov N., Omarova A. Abay oblysy túrizminiń áleúetin baǵalau [Assessment of the potential of tourism in Abay region] // Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality. –2025. –No1(7). –B. 18–30. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-1.02>

қарастырылады, оның ішінде облыстың географиялық ерекшеліктері, тарихи және мәдени мұралары, табиғи көрікті жерлері, сондай-ақ туризм саласындағы инвестициялардың оң серпіні мен дамуы үшін ұсынылған құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық шаралар талданады.

Облыстың тарихи-мәдени ескерткіштері, оның ішінде Абай Құнанбайұлының туған жері, Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы мен «Абай жолы» романындағы тарихи орындар, сондай-ақ жергілікті мәдениеттің ерекшеліктері туристік қызығушылықты арттырып отыр. Статистикалық мәліметтер бойынша, облысқа келуші туристердің саны жыл сайын артып келеді, бұл аймақтағы туризмнің даму әлеуетін айғақтайды. Осыған орай, тарихи-мәдени туризмді дамыту аймақтың мәдени мұрасын сақтау және экономиканы нығайту мақсатында маңызды рөл атқарады.

Абай облысының танымалдылығын арттыру және оның туристік тартымдылығын көбейту үшін ақпараттық-таныстыру жұмыстарын күшейту қажет. Бұл облысқа келетін туристердің санын көбейтіп, жергілікті халықты жұмыспен қамтуға және олардың өмір сүру деңгейін жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар, тарихи-мәдени туризмді дамыту үшін аймақтағы инфрақұрылымды жетілдіру және мәдени ескерткіштерді сақтауға бағытталған шаралар ұсыну маңызды. Мақалада осы бағыттағы ұсыныстар мен тұжырымдар кеңінен талқыланып, Абай облысындағы туризм саласын дамыту стратегиялары ұсынылады.

Зерттеу әдісі

Зерттеу әдістері ретінде аналитикалық және салыстырмалы талдау тәсілдері қолданылды. Облыстың географиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайы, тарихи-мәдени мұралары мен табиғи көрікті жерлері бойынша деректер жинақталды және сарапталды. Аймақтағы туристік ағымдардың динамикасын, туристердің қызығушылық бағыттарын және инвестициялардың туризм саласына әсерін анықтау үшін статистикалық мәліметтер пайдаланылды.

Зерттеу барысында аймақта туризмнің дамуына қатысты құқықтық, экономикалық және әлеуметтік факторлар талданды. Сондай-ақ, аймақтық және халықаралық тәжірибелердің салыстырмалы талдауы жүргізілді. Абай облысындағы туристік әлеуетті арттыру жолдарын анықтау мақсатында аймақтың туристік инфрақұрылымы, соның ішінде қонақ үй саласы, көлік байланыстары және мәдени-танымдық нысандар зерттелді.

Туризмнің әлеуметтік-экономикалық әсерін анықтау үшін экономикалық есептеулер жүргізіліп, облыстың туристік ағынына қатысты статистикалық деректермен жұмыс жасалды.

Аймақтың туризм әлеуетін зерттеу үшін аналитикалық әдіс қолданылды. Бұл әдіс арқылы туризмді дамытуға әсер ететін барлық факторлар, оның ішінде географиялық жағдай, инфрақұрылым, табиғи ресурстар, мәдени мұралар және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар талданды. Мәліметтер жинақталып, салыстырмалы талдау жасалды, туризмнің даму үрдістері мен қажетті шаралар анықталды. Экономикалық әдіс негізінде туризмнің аймақтың экономикасына қаншалықты әсер ететіні зерттелді. Туризмнен алынатын кірістер, жұмыс орындарының саны, инвестициялардың көлемі және басқа да экономикалық көрсеткіштер есептелді. Аймақтағы туристік ағымдар мен тұтынушы сұранысының динамикасын зерттеуге мүмкіндік берді, сонымен қатар туризм саласының дамуына және тұрақтылығына әсер ететін факторлар анықталды.

Туризм саласындағы ғылыми материалдарға шолу жасалынды. Зерттеу нәтижесінде облыстың туризмін дамыту үшін ұсыныстар әзірделініп, аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралар ұсынылды.

Абай облысы туризмінің әлеуетін бағалау

Абай облысы Қазақстанның шығысында орналасқан, тарихи және мәдени мұралары бай аймақ ретінде туризм саласын дамыту үшін үлкен мүмкіндіктерге ие. Облыстың тарихи ескерткіштері, табиғи көрікті жерлері мен мәдени мұралары еліміздің және шетелдік туристер үшін тартымды бола алады. Сонымен қатар, Абай облысы - қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының туған жері болып табылатындықтан, бұл аймақтың туристік әлеуеті ерекше маңызды. Мақалада Абай облысының туризм саласының әлеуеті жан-жақты талданып, оның дамуы үшін мүмкіндіктер мен қиындықтар қарастырылады. Абай облысының географиялық және тарихи ерекшеліктері Абай облысы Қазақстанның шығыс бөлігінде, Семей қаласының әкімшілік орталығы болып табылады. Облыс шығысында Шығыс Қазақстан облысымен, оңтүстігінде Жетісу облысымен, батысында Қарағанды облысымен, солтүстігінде Павлодар облысымен және Ресеймен шектеседі. Абай облысының аумағында тарихи және мәдени маңызы бар көптеген нысандар орналасқан, оның ішінде Абай Құнанбайұлының музейі, Мұхтар Әуезовтің туған жері, сондай-ақ Қозы-Көрпеш-Баян сұлу кесенесі секілді ескерткіштер бар. Сонымен қатар, табиғи көрікті жерлердің көптігі, оның ішінде Алакөл, Сасықкөл сияқты ірі көлдер, Ертіс өзені және Шүлбі су қоймасы туризмнің дамуына үлкен ықпал етеді.

Абай облысы 2022 жылғы 8 маусымда Қазақстанның шығыс бөлігінде құрылған облыс, әкімшілік орталығы - Семей қаласы. Облыс шығысында Шығыс Қазақстан облысымен, оңтүстігінде Жетісу облысымен, батысында Қарағанды облысымен, солтүстік-батысында Қазақстанның Павлодар облысымен, солтүстігінде Ресеймен (Алтай өлкесі), оңтүстік шығысында Қытаймен (Шыңжаң-Ұйғыр автономды ауданы) шектеседі. Облыста Қазақстанның барлық су қорларының 40%-дан астамы елдің шығысында шоғырланған. Облыстың басты су артериясы – Шүлбі СЭС орналасқан Ертіс өзені. Абай облысында ірі көлдер Алакөл және Сасықкөл, сондай-ақ Шүлбі су қоймасы бар. Әкімшілік қайта құру нәтижесінде Абай облысы 8 ауданнан (Абай, Ақсуат, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Көкпекті, Үржар), 2 қаладан (Курчатов және Семей) тұрады [1].

Облыстың аумағы 185,5 мың шаршы км құрайды, 1 шаршы километрге халықтың тығыздығы - 3,3 адам. 2024 жылғы 1 сәуірге облыс халқының саны 606,5 мың адамды құрады, қала тұрғындарының көлемі – 372,6 мың адам (61,4%), ауыл тұрғындары – 233,9 мың адам (38,6%) [2].

Облыста Республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміндегі 13 нысан бар (11 – қала құрылысы және сәулет, 1 – монументтік өнер құрылысы, 1 – ансамбль мен кешен) бар, мысалы: Семей қаласындағы бірінші қоғамдық кітапхана, XIX ғасырдың соңы Ямышевскилік бекініс қақпасы, Губернатор үйі, қазіргі – Облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғимараты, Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының ғимараттар тобы (әкімшілік ғимарат, көпес Р. Ершовтың үйі, жалғасқан құрылыс), Абай ауданындағы Мұхтар Әуезов дүниеге келген үй, Абай Құнанбайұлының усадьбалық кешені (Абайдың музей-үйі, Абайдың жерленген орны), Аягөз ауданындағы Қозы-Көрпеш-Баян сұлу кесенесі және т.б. [3]. Абай облысының тарихи-мәдени ескерткіштері Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 58 қаулысы бойынша бекітілген (кесте 1).


1-Кесте – Абай облысының тарихи-мәдени ескерткіштері

№	Облыс аудандары	Ескерткіш саны	Сипаттамасы
1	Абай ауданы	38	Барлыбай қорымы, біздің дәуірімізге дейін VII-III ғасыр, біздің дәуір VII-IX ғасырлар; Қоратоғай қорымы, біздің дәуір VII-IX ғасырлар; Сарыкөл ежелгі түрік қорғандары, тас мүсіндері, ерте орта ғасыр; Ақтамберді мазары, 1989 жыл; Ералы би мазары, авторы М.Жанболатов, 1998 жыл; т.б.
2	Ақсуат ауданы	67	Шал қажы мазары, XIX ғасыр; Ырғызбай әулие мазары, XIX ғасыр; Оспан қорымы, б.д.д. XVII-XI ғасырлар; Қырық оба қорымы, б.д.д.VII-III ғасырлар; Көк жол қорымы, б.д.д. VII-III ғасырлар; т.б.
3	Аягөз ауданы	23	Барақ батыр мазары, XIX ғасыр; Қозы-Көрпеш қорған, ерте темір дәуірі-орта ғасыр; Жобалай би мазары, авторы Естебай, 1924-1925 жылдар шамасы; Тоқымбет қорымы (Тоқымбет, Ақымбет, Ақымбет қызының, Байназар мазарлары), XVIII-XIX ғасырлар; т.б.
4	Бесқарағай ауданы	5	Кривинка қорғандар тобы, ерте ортағасыр дәуірі; Партизандардың бауырластар бейіті, 1919 жыл; Жауынгерлік поста қайғылы мерт болған милиционер Н. В. Дикопольскийдің бейіті, 1926 жыл; Семей қаласының алғашқы бекінісінің орны, құрылыстар, 1718 жыл; Мешіт, 1907 жыл
5	Бородулиха ауданы	18	Кондратьевка қорғандар тобы; Дюны тұрағы, қола дәуірі; Мангалды жеке қорған, орта ғасырлар; Жеңімпаз-жауынгер монументі, 1970 жыл; Жаңа Шүлбі 1, Жаңа Шүлбі 2 қорғандар тобы, ерте темір дәуірі;
6	Жаңасемей ауданы	11	Абыралытас, петроглифтер тобы, қола дәуірі; Шәкәрім құдығы, 1931 жыл; Исахан қорымы (5 қорған), темір дәуірі; Сарша жеке қорған, темір дәуірі; т.б.
7	Жарма ауданы	31	Ақтас жалғыз қорғаны және тас мүсін, орта ғасыр дәуірі; Екітас қорымы (12 қоршау), қола дәуірі; Қостөбе қорымы, б.д.д. VI-IV ғасырлар; Ақын С. Әлімбетовтің бейіті, 1956 жыл; т.б.
8	Көкпекті ауданы	13	Еспе қорымы (8 қорған), ерте темір дәуірі; А. Имановқа ескерткіш, 1985 жыл; Үлкен Бөкен қорымы, ерте темір дәуірі; Чистый Яр қорымы (5 қорған), темір дәуірі; т.б.
9	Үржар ауданы	16	Алакөл қорғаны, ерте темір дәуірі; Елтай қорғаны, ерте темір дәуірі; Жұрымтай қорғаны, ерте темір дәуірі; Қаракерей Қабанбай батыр ескерткіші, 2016 жыл; т.б.
10	Курчатов қаласы	1	Қаланың негізін қалаушы академик И. В. Курчатовқа ескерткіш, XX ғасырдың 70 жылдары
11	Семей қаласы	45	Абай ескерткіші, мүсінші Д. Г. Элбакидзе, әулетші А. В. Шингарев, 1972 жыл; Неке сарайы, сәулетші Л. С. Гаврилова, 1979 жыл; Әйелдер гимназиясының бұрынғы ғимараты, 1873 жыл; т.б.

Ескерту – [4] мәліметінен авторлар құрастырған

Облыста тарихи және мәдени ескерткіштердің көптігі туризмді дамытуға мүмкіндік береді, Дүниежүзіне танымал ақын Абай Құнанбайұлының туған жері Абай ауданының аумағында барлығы 8 мұражай, 40 ескерткіш, 40-қа жуық саябақтар пен аллеялар және «Абай жолы» роман-эпопеясында жазылған 100-ден аса тарихи орындар бар. Бүгінде

ауданда халыққа және туристерге қызмет көрсету үшін 5 қонақ үй, 14 кафе, жол бойында тамақтанатын 5 тамақтану орындары жұмыс жасап тұр. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2021 жылы ауданға туристік сапармен 24 225 адам, 2022 жылы 34 553 адам барған. 2022 жылы туристердің саны 2021 жылмен салыстырғанда 40%-ға артқан немесе 10 328 адамға көп. 2024 жылдың 9 айында 35 920 адам болған. Бұл көрсеткіш 2023 жылдың 9 айымен салыстырғанда 50%-ға өсіп отыр (сурет 1).



1-сурет – Абай ауданына келген туристер саны

Ескерту – [5] мәліметінен алынды

Жылдан-жылға ауданға келуші туристердің саны артып келеді. Ішкі туризмнің басым бөлігін жоғары және арнайы орта оқу орындарының студенттері мен мектеп оқушылары құрайды. Туристердің басым көпшілігі аймаққа көктем, жаз және күз айларында барады. Ауданға келетін туристердің қызығушылығын арттыру мақсатында 2022 жылы облыста бірнеше жұмыстар атқарылды. Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық мерейтойына орай жергілікті бюджет қаражаты есебінен «Еңлік-Кебек» ескерткішіне жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңғыртылды. Зиярат кешенінің ауласы абаттандырылып, қос ғашыққа арналған ескерткіш қоладан қайта жасалып, жүрек формасындағы арт кескіндеме орнатылды. Сондай-ақ М. Әуезов атындағы орталықтандырылған кітапхана, Қарауыл және Қасқабұлақ ауылдарындағы М.Әуезов ескерткіштері ағымдағы жөндеуден өтті [5].

Абай облысында туризм саласы соңғы жылдары айтарлықтай дамып келеді. Мысалы, Абай ауданына келетін туристердің саны жыл сайын артып келеді. 2021 жылы ауданға туристік сапармен 24 225 адам барған болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 40%-ға өсіп, 34 553 адамды құрады. 2024 жылдың алғашқы тоғыз айында 35 920 адам болған. Бұл көрсеткіш облыстың туристік әлеуетінің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді. Абай облысының туристік секторы негізінен ішкі туризмге бағытталған, бірақ шетелден келетін туристердің саны да артуда. 2022 жылы облысқа 388 шетелдік турист келген, олардың басым көпшілігі Ресейден келген. Бұл көрсеткіш облыстың шекаралас елдермен туристік байланыстарын нығайтуға мүмкіндік береді.

Облыстың туризмді дамытуға мүмкіндігі жоғары, жыл сайын облыс (58128 адамға артық) және курорттық Алакөл аймағы (34295 адамға артық) бойынша келушілердің саны да артуда (кесте 2).

2-кесте – 2022-2023 жылдардағы кіру және ішкі келуші саны

Адам, мың

Жылдар	Кіру және ішкі келуші саны	Оның ішінде			«Өздігінен ұйымдастырылған» кіру және ішкі келушілер саны (бағалау)
		орналастыру орындарында тоқтағандар	санаториялық -курорттық ұйымдарда демалғандар	орналастыру орындарында тоқтағандар	
Облыс бойынша					
2022 ж.	339 916	269 360	1 190	69 366	322 322
2023 ж.	398 044	333 966	1 974	62 104	320 345
Курорттық аймақтар бойынша					
2022 ж.	233 122	163 756	-	69 021	5 525
2023 ж.	267 417	205 836	-	61 581	27 410
Ескерту – [6] мәліметінен алынды					

Облысқа басқа елдерден 388 адам келген, оның 72 іскерлік мақсатта келсе қалғандары жеке мақсатта келген және басым көпшілігі (343 адам) Ресей мемлекетінен келген.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау, дамыту және кіші мәдениетке деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында облыс әкімінің мақұлдауымен оқушылар арасында туристік-өлкетану қозғалысын дамыту жұмыстары басталды. 2023 жылғы қараша айында туристік, экологиялық бағыттарды және мектеп мұражайларын дамыту жұмыстарын қамтитын алғашқы өлкетану отрядтары құрылды. Қазіргі таңда 7-8 сынып оқушыларынан құрылған 72 жасақ жұмыс істеп тұр. Отряд құрамында 700-ге жуық оқушы бар.

2023 жылдың қорытындысы бойынша туризм саласындағы негізгі капиталға инвестициялардың оң серпіні байқалады. Осы кезеңде негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 15,9 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылдың ұқсас кезеңіндегі көрсеткіштен 20% - ға артық (13,2 млрд теңге). Туризм саласындағы негізгі капиталға инвестициялар көлемін қадағалау шеңберінде тұру және тамақтану, өнер, ойын-сауық және демалыс, кітапхана, мұрағат, мұражай қызметі және мәдениет, жер үсті, әуе және су көлігі, жалға беру және турбизнес қызметтері, спорт саласындағы қызмет салалары бойынша 14 экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші пайдаланылатынын атап өту маңызды. Туризмді насихаттау мақсатында Абай облысының әкімдігі облыстың негізгі көрікті орындары мен маңызды жерлері бойынша интерактивті нұсқаулық әзірледі. Оған 80-ге жуық сәулет, тарихи-мәдени мұра, сауда-ойын-сауық сипаты және табиғи көрікті жерлер кіреді.

Қолдануға ыңғайлы болу үшін интерактивті нұсқаулық pdf форматында презентация түрінде әзірленген, QR-кодпен интеграцияланған және үш тілде (орыс, қазақ және ағылшын) бейімделген. Қазіргі уақытта QR коды туристер келетін немесе қайтатын орындарда орналастырылған және оны туристік тартымдылықтың барлық орындарында орналастыру жұмыстары жалғасуда [7].

Сонымен, Абай облысының туристік әлеуетін бағалаудың 8 әдісін қолдану негізінде бағалау жүргізу нәтижесі келесідей ұсынылады:

Абай облысы тарихи-мәдени, киелі орындарға, экологиялық, жағажай және шекаралық туризм бағыттары бойынша зор әлеуетке ие екендігін көруге болады, бірақ облыста туристік инфрақұрылым енді қолға алынып отыр, ол туристерді тартудың бірден-бір себебі болып табылады. Абай облысын географиялық көршілес орналасқан, туристік мүмкіндігі жоғары Шығыс Қазақстан облысының туризмімен салыстыра отырып дамытқан жағдайда, облыстың “Қатон-Қарағай ұлттық табиғи саябағын” дамыту бойынша біршама іс-шараларын Абай облысының дамуына қолдануға болар еді, себебі қазіргі екінші Швейцария аталған Қатон-Қарағай “Green Destinations Top 100 Stories” рейтингінде экологиялық таза дестинация ретінде танылды, сонымен қатар осы аймаққа 2025 жылға дейін туристік ағынды жылына 500 мың туристке дейін арттыру, орналастыру орындарындағы нөмерлер санын 1,0 мыңнан 3,0 мың төсек орынға дейін ұлғайту жоспарланып отыр, экотуризм, сауықтыру туризмі, спорттық туризм сияқты, туризмнің жеке түрлерін дамыту ұсынылып отыр [8]. “Kazakh tourism” ұлттық компаниясының сайтында Абай облысына шетелдік инвестицияларға тартымды “Алакөл көлінің жағалауы” курорттық кешенін дамытудың инвестициялық жобасын іске асыру бойынша жобалар әзірленді. Жоба аясында Қабанбай және Барлық-Арасан сауықтыру орындарында жағалау-жағажай демалысын дамыту жоспарлануда [9]. 2023 жылы Алакөл көлінің жағалауына жалпы сомасы 767 млн. теңгеге 12 жоба іске асырылған, осының өзі облыстың экономикалық жағынан өсуін көрсетеді [10]. Экологиялық жағдай бойынша облыста Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың жалпы ауданы 847,7 мың гектарды құрайды, оның ішінде “Семей-Орманы” МӨЖ 656,4 мың гектарды, “Тарбағатай” Мемлекеттік ұлттық табиғи парк - 143,5 мың гектарды, сондай-ақ, “Алакөл” МӨЗ-нің 47,8 мың гектарын құрайды. 2024 жылы “Тарбағатай” МҰТП” РММ күзет аймағының шекаралары мен шаруашылық қызмет режимі белгіленді. 2021-2023 жылдары облыста 10540 га 52,8 млн. дана қарағай көшеттері отырғызылды, ары қарай облыстың елді мекендерінде 65000 дана көшет отырғызу жоспарланған және де Семей қаласының дендрожоспары әзірленуде. Облыс бойынша флора мен фаунаны сақтау шаралары негізінде үнемі рейдтік шаралар жүргізіліп отырады [11].

Қазақстан мен Қытай арасындағы визасыз режим туралы келісім қолға алынуына байланысты, облысқа шет елдік туристерді тарту бойынша “Бақты” өткізу пункті ашылды. Халықтың әлеуметтік жағдайы да назардан тыс қалған жоқ, соның бірі Семейде дәстүрлі мәдениетті дәріптейтін “Этноауыл” жобасы жүзеге асырылып отыр. Бейбітшілік аралындағы балалар теміржолы қайта жаңғыртылып, отбасылық демалыс үшін қызықты орындардың біріне айналды. Көпшілік Курчатов қаласындағы ғылыми-танымдық туризмге бет бұруда және осы бағыт қызығушылық тудыруда деуге болады. 2023 жылы Абай облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары бекітілді, 2023-2027 жылдары жалпы сомасы 1,9 трлн. теңгеге 9 негізгі бағыттағы 102 іс-шараны іске асыру жоспарланған, 20 млрд. теңгенің үш жобасы іске асырылып, 700-ге жуық жұмыс орны құрылды, облыс ішінде жол инфрақұрылымы мен жол бойы қызмет көрсету орындары жандануда. Ерекше айтарлық,

Семей қаласының көшелері мен мен аспалы көпірді күрделі жөндеуден өткізу қолға алынды [12].

Негізгі дамыту дестинациясы болып отырған Алакөл жағалауында туристерге қызмет көрсету үшін инфрақұрылым едәуір дамыған. Көл аумағында 41 сауда үйі, 83 шағын бутик, 40 қоғамдық асхана, 3 дәріхана жұмыс істейді. Туристерге тегін ақпараттық кеңес беру қызметін көрсететін “TOURIST INFO” ақпараттық орталығы бар. Алакөл аумағында құтқару мұналары мен шағын кеме аялдайтын орындар да бар. Облыстағы дамытуды жоспарлап отырған бағыт-туристік әлеуетті дамыту үшін жаңа туризм Басқармасын құрып, 2024-2025 жылдары “Шошқалы” көлінде балшықпен емдейтін, демалыс аймағы бар шипажай құру болып отыр.

Осы аймақты дамыту үшін келесі 3 кестеде тарихи-мәдени туризмді дамытуды реттеуші құралдарын негізгі аймақтың туризмін дамытушы механизм ретінде ұсынуға болады (кесте 3).

3-Кесте – Тарихи-мәдени туризмді дамытуды реттеу құралдары

Реттеу бағыты	Реттеу құралы
Құқықтық	- аймақтағы тарихи-мәдени ресурстарды эксплуатациялау нормалары мен ережелерін реттеу; -туриндустрия кәсіпорындары қызметінің ережелерін, олардың аймақтағы тарихи - мәдени құндылық объектілеріне қатысты құқықтары мен міндеттерін реттеу; - аймақ бойынша Абай облысы көлемінде шетелдік және отандық туристер үшін кіру және шығу ережелерін реттеу; - Абай ауданы бойынша мораторилер мен санкцияларды бекіту; - тарихи-мәдени туризмді дамыту концепциялары мен бағдарламаларын әзірлеу
Ұйымдастырушылық	- ұлттық және аймақтық деңгейде тарихи-мәдени туризм индустриясын реттейтін жүйе әзірлеу және қалыптастыру; -елдің және аймақтың имиджін қалыптастыру бойынша іс-шаралар әзірлеу және іске асыру; - реттеуші субъектілердің: тарихи-мәдени туризм индустриясы кәсіпорындары мен қоғамдық туристік қоғам арасындағы өзара кеңестік және келісімдік жүйесін әзірлеу және іске асыру; -елдің және оның аймақтарының арасындағы тарихи-мәдени туристік өнімді жылжытудың іс-шараларын әзірлеу және іске асыру; -тарихи-мәдени туризм саласында халықаралық байланыстарды орнату мен қолдау; - тарихи-мәдени туристік ресурстардың жағдайын бақылаудың жүйесін әзірлеу мен қалыптастыру.
Экономикалық	- Абай облысы, тіпті, республика көлемінде аймақтың тарихи-мәдени туризмге жеке инвестициялардың жағымды шарттарын қалыптастыру; - тікелей мемлекеттік инвестициялар құю; - жеңілдік несиелеу; - жеңілдетілген салық салу; - сыртқы саудалық жеңілдіктер; - аудандағы бағалар мен тарифтерді реттеу; - сақтандыру жұмыстарын жетілдіру

жалғасы келесі бетте...

Әлеуметтік	- жұмыс орындарын құру үшін субсидия бөлу; - жеке тұлға әлеуетінің дамуына инвестициялар құю; - туристер құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау
Ғылыми-білім беру	- орта және жоғары білім беру жүйесінде кадрларды дайындауды ұйымдастыру мен қаржыландыру; -аймақ көлемінде тарихи-мәдени туризм саласында ғылыми зерттеулерді қаржыландыру; - халықаралық және ішкі тағылымнамаларды ұйымдастыру -Абай, Мұхтар, Шәкірім атындағы сыйлықтар, ғылыми жобалар ұйымдастыру
Мәдени	- аймақтағы барлық тарихи ескерткіштерді сақтау мен реставрациялау; -аймақ аумағында үнемі мәдени фестивальдар өткізу; -танымал гастрольдік шығармалықы коллективтерді тарту; -аймақ құндылығының қайта қалпына келуі мен дамуы бойынша зерттеу шараларын жүргізу; - мәдениет мекемелерінің, шығармашыл коллективтерді
Экологиялық	- табиғатты қорғау іс-шараларын әзірлеу мен өткізу; - табиғи ресурстарға келген зияндарын есептеу мен оларды қалпына келтіру; -табиғи қорғайтын, зиянсыз технологиялар өндірісінің қызметін ендіруді ынталандыру
Ескерту – [13]	

Жаңадан құрылған облыс ретінде аймаққа 3 кестеде көрсетілген реттеу құралдарын қолданудың қажеттілігі зерттеу барысында зерделенді. Құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-білім беру, мәдени, экологиялық реттеу құралдарын аймақтың туризм саласын дамыту үшін қолдану, кешенді дамыту жоспары ретінде саланың тез дамуына серпін береді.

Абай облысының танымалдылығын арттыру үшін, отандық және шет елден келген туристер арасында БАҚ арқылы, әлеуметтік желілер және т.б. құралдар арқылы қарқынды жұмыс жасауды қажет етуді көздейді. Осындай танымалдылық келген туристерді өзіне тарту және сол аймақта жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етеді және әлеуметтік-экономикалық жағдай осы мекеннің туризмнің дамуының, жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін арттыруды анықтайтын басты көрсеткіш болып саналады.

Тарихи-мәдени туризм мәдени мұраны сақтау мен насихаттауда маңызды рөл атқарады. Ол экономиканы дамытуға, жұмыс орындарын құруға және мәдени дәстүрлерді сақтауға ықпал етеді, сонымен бірге туристерді әртүрлі халықтардың тарихы мен мәдениетін білуге бірегей мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді. Тарихи-мәдени туризмнің маңызды аспектісі жергілікті билік, мамандар мен туристік компаниялардың өзара іс-қимылын талап ететін мәдени және тарихи маңызы бар объектілерге ұқыпты қарау болып табылады.

Тарихи-мәдени туризмді дамыту дәстүрлерге, сәулет өнеріне, өнер мен фольклорға деген қызығушылықты сақтауға көмектеседі, сонымен қатар елдер мен халықтар арасындағы мәдени ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді. Алайда, бұл бағыттың тұрақтылығына қол жеткізу үшін тарихи нысандарға шамадан тыс жүктеме, мәдени ескерткіштердің түпнұсқалығын жоғалту, жайлы және қауіпсіз туризмге ықпал ететін инфрақұрылымды жетілдіру қажеттілігі ретіндегі мәселелерді ескеру қажет.

Осылайша, тарихи-мәдени туризм аймақтар үшін табыс көзі ғана емес, сонымен қатар болашақ ұрпақ үшін мәдени мұраны сақтаудың маңызды құралы болып табылады.

Қорытынды

Ғылыми мақала Абай облысындағы туризмнің даму әлеуетін жан-жақты талдай отырып, аймақтың туристік саласын дамытуға бағытталған бірнеше маңызды ұсыныстарды қамтиды. Облыстың географиялық орналасуы, табиғи көрікті жерлері мен тарихи ескерткіштері туризмді дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Абай Құнанбайұлының туған жері мен басқа да тарихи мұралар аймаққа туристерді тартуға әсер етеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Абай облысына келетін туристер саны жыл сайын артып келеді, бұл аймақтың туристік инфрақұрылымын дамыту қажеттілігін көрсетеді. Туризм саласындағы инвестициялардың оң серпіні және тарихи-мәдени ескерткіштердің сақталуына қатысты қабылданған шаралар облыстың туристік әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды қадамдар болып табылады.

Сонымен қатар, тарихи-мәдени туризмді дамыту үшін жергілікті тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, сондай-ақ мәдени мұраны сақтауға бағытталған кешенді жұмыстарды жалғастыру қажет. Бұл мақсатта аймақтық басқару, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы ақпараттық-танымдық жұмыстарды күшейту маңызды екені анықталды.

Абай облысының туризмін дамыту үшін бірнеше бағыттар бойынша жұмыстарды жүзеге асыру қажет. Бірінші кезекте, облыстың тарихи және мәдени мұраларын сақтау және насихаттау маңызды. Бұл үшін арнайы туристік бағыттар мен маршруттарды әзірлеу, музейлер мен тарихи ескерткіштерді жаңғырту қажет. Сонымен қатар, туризмді дамыту үшін инфрақұрылымды жақсарту маңызды, оның ішінде қонақ үйлер, тамақтану орындары, көлік байланыстары және басқа да қызметтерді дамыту керек.

Абай облысының танымалдылығын арттыру үшін ақпараттық және жарнамалық жұмыстарды арттыру ұсынылады. Бұл мақсатта облыстың көрікті жерлерін көрсететін интерактивті нұсқаулықтар мен мобильді қосымшалар әзірлеу маңызды. Сондай-ақ, әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы облыстың туристік әлеуетін таныстыру жұмыстарын жүргізу қажет.

Абай облысы туризм саласын дамыту үшін көптеген мүмкіндіктерге ие. Облыстың тарихи-мәдени мұрасы мен табиғи көрікті жерлері туристер үшін тартымды. Туризмнің дамуы жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және аймақтың экономикасын нығайтуға мүмкіндік береді. Алайда, туризмді дамыту үшін инфрақұрылымды жақсарту, құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелерді шешу қажет. Осы бағыттар бойынша жүзеге асырылатын шаралар Абай облысының туризм саласын тиімді түрде дамытуға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, Абай облысының туристік әлеуеті жоғары және бұл салада туризмді дамытудың стратегиялық жоспарын жүзеге асыру арқылы аймақтың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, мәдени мұраны сақтауға және жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға қол жеткізуге болады деп қорытындылаймыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абай облысы. URL: <https://qazaqgeography.kz/kz/abay-oblysy-2113916> (дата обращения: 29.11.2024).
2. Абай облысы. URL: <https://erulik.kz/region/7> (дата обращения: 29.11.2024).

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 15 сәуірде № 20397 болып тіркелді. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020397> (дата обращения: 29.11.2024).

4. Абай облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі. URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%B1%D0%B0%D0%B9_%D1%83%D0%B4%D0%B0%D0%BD%D1%8B (дата обращения: 29.11.2024).

5. Абай облысының Абай ауданында туризм дамуда. URL: <https://semeynews.kz/kk/news/35500/> (дата обращения: 29.11.2024).

6. Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/> (дата обращения: 29.11.2024).

7. Абай облысында туристік қозғалысты дамыту бойынша оқушылардан жасақ құрылды. URL: <https://baq.kz/abay-oblysynda-turistik-qozgalysty-damytu-boynsha-oqushylardan-zhasaq-quryldy-323317/> (дата обращения: 29.11.2024).

8. Катон-Қарағай жыл бойғы демалыс. URL: <https://invest.kazakhstan.travel/kz/regions/катон-карагай/> (дата обращения: 29.11.2024).

9. Алакөл көлінің жағалауы. Курорттық кешен. Инвестициялық ұсыныс. URL: <https://qaztourism.kz/upload/iblock/708/wdvz27nqffu7qnckm9II2ins4ie3qakf.pdf> (дата обращения: 29.11.2024).

10. Абай облысында туризмді дамытудың әлеуеті зор. URL: www.gov.kz/memleket/entities/abay/press/news/details/644986?lang=kk (дата обращения: 29.11.2024).

11. Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы. URL: www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/press/article/details/139344 (дата обращения: 29.11.2024).

12. Өзекті мәселелер шешімін тауып келеді. URL: <https://egemen.kz/article/365861-ozekti-maseleler-sheshimin-tauyp-keledi> (дата обращения: 29.11.2024).

13. Рустемова С.М., Жакупов А.А., Тлеубаева А.Т., Байгабулова Г.К. Тарихи-мәдени туризм арқылы туризмнің даму қарқынын арттыру жолдары мен алғышарттары // Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің Жаршысы. – 2024. – №3 (56). – С. 56-66. DOI: 10.52260/2304-7216.2024.3(56).6.

REFERENCES

1. Abay oblysy. [Abay region.] URL: <https://qazaqgeography.kz/kz/abay-oblysy-2113916> (data obra‎ena: 29.11.2024).

2. Abay oblysy.[Abay region.] URL: <https://erulik.kz/region/7> (data obra‎ena: 29.11.2024).

3. Qazaqstan Respýblıkasy Mádeniet jáne sport ministriniń 2020 jylǵy 14 sáýirdegi № 88 buıryǵy. Qazaqstan Respýblıkasynyń Ádilet ministrliginde 2020 jylǵy 15 sáýirde № 20397 bolyp tirkeldi. [Order of the minister of Culture and sports of the Republic of Kazakhstan dated April 14, 2020 No. 88. Registered with the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan on April 15, 2020 No. 20397.] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020397> (data obra‎ena: 29.11.2024).

4. Abay oblysynyń jergilikti mańyzy bar tarıh jáne mádeniet eskertkishteriniń memlekettik tizimi. [State list of historical and cultural monuments of local significance of Abay region.] URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%B1%D0%B0%D0%B9_%D1%83%D0%B4%D0%B0%D0%BD%D1%8B (data obra‎ena: 29.11.2024).

5. Abay oblysynyń Abay aýdanynda túrizm damýda. [Tourism is developing in Abay District of Abay region.] URL: <https://semeynews.kz/kk/news/35500/> (data obra‎ena: 29.11.2024).

6. Ultyq statistika býrosy. Qazaqstan Respýblikasy Strategialyq josparlaý jáne reformalar agenttigi. [National Bureau of Statistics. Agency for Strategic Planning and reforms of the Republic of Kazakhstan.] URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/> (data obra‎enua: 29.11.2024).

7. Abai oblysynda týristik qozǵalysty damytý boıynsha oqýshylardan jasaq quryldy. [A team of schoolchildren for the development of tourist traffic has been created in Abay region.] URL: <https://baq.kz/abay-oblysynda-turistik-qozgalysty-damytu-boıynsha-oqushylardan-zhasaq-quryldy-323317/> (data obra‎enua: 29.11.2024).

8. Katon-Qaraǵai jyl boıǵy demalys. [Katon-Karagai year-round recreation.] URL: <https://invest.kazakhstan.travel/kz/regions/katon-karagai/> (data obra‎enua: 29.11.2024).

9. Alakól kóliniń jaǵalaýy. Kýrorttyq keshen. Investitsionalyq usynys. [The coast of Lake Alakol. Resort complex. Investment proposal.] URL: <https://qaztourism.kz/upload/iblock/708/wdvz27nqffu7qnckm9II2ins4ie3qakf.pdf> (data obra‎enua: 29.11.2024).

10. Abai oblysynda týrizmdi damytýdyń áleyeti zor. [There is a great potential for tourism development in Abay region.] URL: www.gov.kz/memleket/entities/abay/press/news/details/644986?lang=kk (data obra‎enua: 29.11.2024).

11. Abai oblysynyń tabıǵı resýrstar jáne tabıǵat paidalanýdy retteý basqarmasy. [Department of Natural Resources and environmental management of the Abay region.] URL: www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabıgat/press/article/details/139344 (data obra‎enua: 29.11.2024).

12. Ózekti máseleler sheshimin taýyp keledi. [Current issues are being resolved.] URL: <https://egemen.kz/article/365861-ozekti-maseleler-sheshimin-tauyp-keledi> (data obra‎enua: 29.11.2024).

13. Rýstemova S.M., Jakýpov A.A., Tleybaeva A.T., Baıgabýlova G.K. Tarihi-mádeni týrizm arqyly týrizmniń damý qarqynyn arttırý joldary men alǵysharttary [Ways and prerequisites for increasing the pace of development of tourism through historical and cultural tourism] // Qazaq ekonomika, qarjy jáne halyqaralyq saýda úniversitetiniń Jarshysy. – 2024. – №3 (56). – S. 56-66. DOI: 10.52260/2304-7216.2024.3(56).6.

Р. АГЫБЕТОВА

PhD, қауымдастырылған профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, (Қазақстан, Астана)
e-mail: agybetova@mail.ru

А. ШОКПАРОВ

Педагогика ғылымдарының кандидаты
Халықаралық туризм және меймандостық
университеті, (Қазақстан, Түркістан)
e-mail: shokparov.alibek@iuth.edu.kz

Н. АБИШОВ

PhD, қауымдастырылған профессор м.а.
Халықаралық туризм және меймандостық
университеті, (Қазақстан, Түркістан)
e-mail: abishov.nurzhan@iuth.edu.kz

А. ОМАРОВА

магистр, аға оқытушы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, (Қазақстан, Астана)
e-mail: aiganym128@mail.ru

24.01.2025ж. баспаға түсті

05.02.2025ж. түзетулермен келді

30.03.2025ж. басып шығаруға қабылданды

R. AGYBETOVA¹, A. SHOKPAROV², N. ABISHOV^{2✉}, A. OMAROVA¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University

²International University of Tourism and Hospitality

ASSESSMENT OF THE TOURISM POTENTIAL OF THE ABAI REGION

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the tourism potential of the Abai region. It highlights the importance of the region's geographical location, historical and cultural heritage, and natural attractions in the development of tourism. The study examines the dynamics of tourist flows, tourist preferences, and the positive trend of investments in the tourism sector of the Abai region. Additionally, it proposes legal, organizational, economic, social, scientific-educational, cultural, and environmental regulatory tools for the development of historical and cultural tourism. The article emphasizes the importance of informational and promotional activities to enhance the region's popularity and improve the socio-economic well-being of the local population. The research findings include recommendations for improving tourism development strategies in the Abai region. The research method used analytical and comparative analysis techniques. The article collects and analyzes data on the region's geographical and socio-economic conditions, historical and cultural heritage, and natural attractions. In particular, statistical data were used to determine the dynamics of tourist flows in the region, tourist interest areas, and the impact of investments on the tourism sector.

Keywords: tourism, Abai region, historical and cultural tourism, historical and cultural heritage, regulatory instruments.

Р. АГЫБЕТОВА¹, А. ШОКПАРОВ², Н. АБИШОВ^{2✉}, А. ОМАРОВА¹

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва

²Международный университет туризма и гостеприимства

ОЦЕНКА ПОТЕНЦИАЛА ТУРИЗМА АБАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация. В статье проведен всесторонний анализ туристического потенциала Абайской области. Показано, что географическое расположение, историко-культурное наследие и природные достопримечательности региона играют важную роль в развитии туризма. В ходе исследования проанализирована динамика туристических потоков, предпочтения туристов, а также положительная тенденция инвестиций в туристический сектор Абайской области. Кроме того, предложены инструменты правового, организационного, экономического, социального, научно-образовательного, культурного и экологического регулирования для развития историко-культурного туризма. В статье подчеркнута значимость информационно-просветительской работы для повышения популярности региона и улучшения социально-экономического положения местного населения. Результаты исследования включают рекомендации по совершенствованию стратегий развития туризма в Абайской области. В качестве метода исследования использовались аналитический и сравнительный анализ. В статье собраны и проанализированы данные о географическом и социально-экономическом положении области, её историко-культурном наследии и природных достопримечательностях. Особенно для определения динамики туристических потоков в регионе, направлений интересов туристов и влияния инвестиций на туристическую отрасль использовались статистические данные.

Ключевые слова: туризм, Абайская область, историко-культурный туризм, историко-культурное наследие, инструменты регулирования.